



**2025 -2026 оқу жылына
арналған әдістемелік жұмыс жоспары**

Мектептің әдістемелік тақырыбы: Мектеп педагогтарының кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық мәдениетін және кәсіби өзін- өзі жүзеге асыруын жетілдіру арқылы білім сапасын арттыру.

Әдістемелік жұмыстың тақырыбы: білім берудің сапасын қамтамасыз ету және білім алушылардың оқу уәждемесін қалыптастыру.

Әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1. Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметті жетілдіру есебінен мектептің білім беру қызметінің сапасын арттыру.
2. Мектепте оқуға қолайлы және ынталандыратын атмосфераны дамыту, білім алушыларды өзін- өзі бақылау, өзін- өзі тәрбиелеу және әмбебап оқу іс – әрекеттерін қалыптастыру дағдыларына үйрету.
3. Заманауи білім беру технологияларын еңгізу негізінде дамытушы білім беру ортасын құру.
4. Инновациялық және ғылыми – зерттеу қызметі үшін білім беру кеңістігін кеңейту.
5. Үздіксіз білім беру жүйесі арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұжымның қызметін жандандыру.
6. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
7. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.

Мектептің әдістемелік қызметінің алдына мақсат қойылды: баланың жеке басының интеллектуалдық шығармашылық және әлеуметтік – психологиялық әлеуетін дамытуға бағытталған озық тәжірибе алмасу, өзін – өзі тәрбиелеу және курстық қайта даярлау негізінде оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау.

Оны жүзеге асыру үшін келесі міндеттер тұжырымдалған:

1. Оқыту сапасын арттыру
2. Оқу мотивациясының деңгейін арттыру
3. Оқу процесіне жүйелі- белсенділік тәсілін енгізуді қамтамасыз ету.
4. Пәндік олимпиадаларға қатысуға бағылтталған ынталы оқушылармен жұмыс.
5. Білім беру процесінің диагностикасы мен мониторингі бойынша деректер банкін қалыптастыру.
6. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің оң тәжірибесін анықтау, жалпылау және тарату.

Әдістемелік жұмыс нысандары:

Тақырыптық педагогикалық кеңестер.

Әдістемелік кеңес.

Мұғалімдердің пәндік және шығармашылық бірлестіктері.

Мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша жұмысы.

Ашық сабақтар.

Шығармашылық есептер.

Шығармашылық бірлестіктердің жұмысы пәндік апталар.

Семинарлар.

Заманауи сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңестер.

Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру.

Мұғалімге мектеп құжаттамасын жүргізуге, заманауи сабақты ұйымдастыруға, өткізуге және талдауға көмектесетін әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Қолда бар материалды жүйелеу, тақырыптық стендтерді безендіру.

Педагогикалық мониторинг

Біліктілікті арттыру курстық жүйесін ұйымдастыру және бақылау.

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	1. 2025 -2026 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту. 2. «Bilimclass» журналын толтыру бойынша әдістемелік көмек 3.Күнтізбелік- тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі 4.Жасанды интеллектіні сабақта пайдалану жолдары	Қыркүйек	Оқу ісі орынбасары Камзина С.Т. Мектеп әкімшілігі
2	1. «Шығармашылық ізденіс- шеберлік шыңының бастамасы» нормативтік құжаттардағы өзгерістермен таныстыру 2. Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы 3. Бастауыш сыныптарда тіл сабақтарының оқытылу жағдайы	Қараша	Саттарова А.М. Бірлестік жетекшілері
3	1. «І жартыжылдықтағы мектеп әдістемелік жұмысының нәтижелігі» жұмысын талдау 2. «Шәкірт жетістігі- мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі» өз білімін көтеру жұмыстары бойынша іс – тәжірибемен бөлісу 3. 1-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру бойынша қорытынды есебі 4. 5-7 сыныптардың пәндерінің оқытылуы бойынша	Қаңтар	Саттарова А.М. Бірлестік жетекшілері Пән мұғалімдері
4	1. Білім беру платформаларының тиімділігі және оны қолдану арқылы білім сапасын арттыру 2. Бірлестік жетекшілерінің «Мемлекеттік білім стандарты талаптарының өз бірлестіктерінде орындалуы туралы» есебі 3. Негізгі жалпы орта мектеп, жалпы орта мектеп бітірушілердің емтихандық дайындық жұмыстары	Наурыз	Саттарова А.М. Бірлестік жетекшілері Пән мұғалімдері
5	1. 2025-2026 оқу жылының әдістемелік жұмысына қорытынды талдау 2. 2025-2026 оқу жылындағы мұғалімдердің біліктілік санатын көтеруі, курстардан өтуінің қорытындысы. 3. Келесі оқу жылына арналған жоспарды талқылау	Мамыр	Саттарова А.М. Бірлестік жетекшілері Пән мұғалімдері